



БЕКІТЕМІН
 «А.Байтұрсынұлы атындағы
 жалпы білім беретін
 мектебі» ҚММ директор м/а
 Тауекелова А.Д.



«Оқуға күштар мектеп» жобасының төлқұжаты

Жобаның атауы	«Оқуға күштар мектеп»
Жобаның рөлі	Баланың жеке басын әлеуметтендіру факторы ретінде оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруға және дамытуға бағытталған мектептің ақпараттық кеңістігін ұйымдастыру, балалардың шығармашылық қарым- қатынасы үшін жағдай жасау
Жобаның алғышарттары	Бала өміріндегі кітап пен оқу ұстанымын нығайтуда әлеуметтік қажеттіліктің болуы «Отбасы – мектеп – кітапхана» жүйесінде өзара іс-қимылды нығайту қажеттілігі; Жас оқырмандардың зияткерлік-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы мектеп кітапханасының кәсіби жауапкершілігін сезіну; Қажетті ресурстардың болуы әдістемелік ресурс (балалар оқуын ұйымдастыру тәжірбиесі, оқу – әдістемелік материалдың болуы); Мектеп кітапханашысы мен мұғалімдердің кәсіби күзреттілігінің жобаның мақсаттарына сәйкестігі
Жобаны әзірлеуші	Қарағанды облысының ОӘО
Жауаптылар	Пән мұғалімдері, кітапханашы
Жобаның кураторы	Қабыхай Айгүл, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жобаның қатысушылары	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері, ағылшын тілі мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, 1-11 сынып оқушылары
Білім алушылар активі	Хадраш Аружан Төлеубек Қаракат Саутханқызы Айым Бақытханұлы Жәнібек Жүнісхан Жандарбек Сүлейменов Эльмира Смағұл Перизат Байбазар Бибігүл
Жобаны іске асыру мерзімі	I -кезең (дайындық кезеңі қаңтар, 2021 жыл) II- кезең (ұйымдастырушылық – тәжірбиелік ақпан 2021 жыл қараша 2025 жыл)

	III-кезең (талдау, желтоқсан 2025 жыл)
Мақсатты аудитория	1-11 сынып оқушылары
Жобаның мақсаты	Оқушылардың оқуға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды, оқырмандық белсенділіктің өсуін және мәдени мұраны сақтау және көбейту негізінде оқуды насихаттауды қолдау
Жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың оқу мәдениетін анықтау және дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және өткізу 2. Оқырмандар клубының ашылуы 3. Жобаның мақсатын іске асыру үшін қоғамдық ұйымдардың, мәдени мекемелердің, кітапханалардың, ата-аналар қоғамы өкілдерінің күш-жігерін біріктіру 4. Оқушылардың білім деңгейін арттыруға ықпал ету, олардың ақпарат пен мәдени құндылықтарына қол жеткізудегі кепілдік құқықтарын қамтамасыз ету. 5. Балалардың өзін – өзі басқаруын дамыту 6. Мемлекеттік қоғамдық басқаруды дамыту. Жобаны іске асыру үшін ақпараттық кадрлық және материалдық ресурстар «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» КММ мектеп кітапханасының ресурстары негіз болып табылады.
Негізгі ресурстар және оларды қаржыландыру көздері.	
Күтілетін нәтижелер	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» КММ оқушылар арасында оқудың беделін арттыру және олардың оқырман мәдениетін жетілдіру. 2. Мектеп кітапханасының қызметін жетілдіру. 3. Отбасын нығайтуға және оның рухани адамгершілік мәдениетін дамытуға ықпал ететін үйде оқу дәстүрін жаңғырту. 4. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» КММ мәдени алаңын түрлендіре дамыту және балалар – ересектер қоғамдастығындағы психологиялық ахуалды жақсарту. 5. Білім алушылардың білім сапасын арттыру.
Жоспарланған іс – шаралар	«Оқуға құштар мектеп» жұмыс жоспары

Кітапханашы:  Сетерхан М.